

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25 қарашадағы № 792 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 193-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Pervinage Holding B.V." компаниясына "Valsera Holdings B.V." акциялары пакетінің 50 %-ын "CNPC E&D Holdings Coöperatief U.A." пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин